

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы»

№14 «Құлагер» ересек тобы



**Тәрбиешілері: Аябергенова А.Т
Оразова М.Н**

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы»

Мақсаты:

- мерекелік көңіл-күйін құру;
- ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
- өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

1. Жүргізуші:

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған, аналардың ақ нұрынан жаралған» дей отырып қадырлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

2. Жүргізуші:

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз және біздің балаларымыздың дайындаған «Ана өмір шуағы» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Армысын әжелерім аналарым

Мейірбан аппақ көңіл даналарым

Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен

Құттықтайды Сіздерді балаларын

Музыка әуенімен, балалар залға кіреді.

вход

Әуен біткен соң балалар орындарына отырады

Жүргізуші:

- Балалар, кәзір жылдың қай мезгілі?
- Көктем
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- Наурыз, Сәуір, Мамыр
- Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар:

- Аяулы анамыз!

1.Жүргізуші:

- Балалар, айтыңдаршы.
Бізді жақсы көретін,
Бар жақсыны беретін.
Баласы үшін әрдайым,
Мейірімін төгетін
- Ол кім?

Балалар:

- Анашым!

2.Жүргізуші:

- Жүрегіме жыр шашып,
Нұр төгетін Сіз екен.
Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекең! –
деп біздің балаларымыздың тақпағын қабыл алыңыздар

1.Ғазиз

Қымбат жансың, мен үшін ең асылсың!
Аллам сені жамандықтан қашырсын.
Әкемменен мәңгі шалқып бақытқа
Жастарыңды жүзден дағы асырсын!

2.Жанкелді

Нұрын шашқан күнімсіңғой жан анам,

Бар шуағын баласына арнаган.
Бір өзіңнен қуат алып өмірде
Сенің салған сара жолды жалғағам.

3.Нұрбақыт

Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған.
Үлкен, кіші демейді,
Сыйлайды оны бар адам.

4.Дарын

Анам кетсе жұмысқа
Анашымды сағынам
Құлағына сыбырлап
Анама арнап ән салам

5.Әлинұр

Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.

6.Имран

Ана- біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!

1.Жүргізуші: Ой, балалар, тындандаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?
(Әуен мен залға көктем кіреді)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіз бе, қонақтар! Айнала қандай тамаша! Балалар бүгін бәрің әдемі болып киініп алыпсыңдар. Міне мен сендерге асыға жеттім келіп жеткен мерекелерің құтты болсын.

Бар жақсылық, күллі әлемге тараған
Арулардың ақ нұрынан жаралған
Құтты болсын мерекеміз бүгінгі
Ардақты аруларға арналаған.

2.Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе, Көктем! Сөз біздің аналарымыз бен қыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсіз. Көп рахмет сізге! Төрлет, ән тындап көңіл көтеріңіз!

1.Жүргізуші: Көктем ханшайымы біздің балаларымыздың сізге дайындаған және аналарымызға дайындаған тамаша әні бар соны қабыл алыңыздар

Ән: Ару көктем

7.Сафия

Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімдіғой керемет

8.Ерназар

Анам менің өмірімнің тірегі
Өзің барда қуанамын күлемін
Бақытты бол ауырма деп тілейді

Сәбиіңнің жұдырықтай жүрегі.

9.Айкөркем

Тілегімнің бастауы да бір өзің,

Мейірімге толы мынау нұр жүзің.

Сен жанымда болған кезде әр сәтім

Жаздай жайлы қысым менен сұр күзім.

10.Аяла

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе

Ана деген керемет

Сыйлап өтем өмірде

11.Рамазан

Ақ гүлдер мен көк гүлдер,

Хош иісті көп гүлдер

Анамызға сыйлайтын

Құшақ толы бақ гүлдер!

12.Көзайым

Жүре берсем қасымда

Әйбат анам, әй анам

«Ботам» деген дауысыңнан

Мен мәз болып оянам.

Әуенмен залға қызыл телпек кіреді

Қызыл телпек: Сәлеметсіңдерма балалар мен әжемді құттықтауға бара жатырып сіздерге қарай бұрылып кеттім. Сендер де аналар мерекесін тойлап жатсындарма, олай болса сіздердің тақпақтарыңды әндеріңді тындап менде әжеме барып айтып берейін.

2.Жүргізуші: Қызыл телпек біздің балаларымыз керемет ән,тақпақ айтып биді де билейді. Олай болса балаларымыздың биін тамашала, балаларымызбен бірге биле.

Би: Дарите женщинам цветы

Имран Көзайым

Ерболат Нұрбақыт

Нұрдаулет Айкөркем

Рамазан Көркем

Мирас Аяла

Қасқыр: Қасқыр абыржып менімен ешкім дос болмайды, менен бәрі қорқып қашады.

Қызыл телпек: Жылама сен ақ көңілсің мейірімдісің, қаласаң менімен әжеме бірге барайық, әжем мерекеге дайындалып тәтті тоқаш пісіріп мені тосып отырған шығар.

Қасқыр: Қызыл телпек әжеге бармас бұрын балалардың өлеңін биін тамашалағым келіп тұр, балалармен ойын ойнағым келіп тұр.

Қызыл телпек: Жақсы жарайды менде балалардың өнерлерін тамашалап тұр едім, бірге тамашалайық. Балалар әжелер туралы тақпақ білесіңдерме?

1.Жүргізуші: «Аналардың алдында асқар тауда аласа» – дейді халық, ендеше аналардың анасы сүйікті Әжелерімізге арнап балалар тақпақтарын айтып берсін

13. Мирас

Аман болсын басыңыз

Ағармасын шашыңыз

Шөбере сүйіп әлі – де
Жүзге жетсін жасыңыз

14.Айназ

Құрт пен майын жинаған
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі-
Таусылмайтын жыр маған.

15.Нұрай

Еркелесем күнім дейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан сипап мені
Құлыншағым күнім дейтін

16.Алихан

Өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Шөлдедің бе, дана әжем?

2.Жүргізуші:

- Әр бір ана – өз баласының сүйікті досы, мақтанышы. Ана адамзат мекен еткен жершарының әр түпкірінде , әр үйінде мейірім мен мерейдің , достық пен туыскандықтың туын тіккен Адам.

Ендеше құрметті аналар балаларыңыздың орындауында «**Су тасушы**» биін қабыл алыңыздар
Дарын Нұрай, Ерназар Ғазиза, Жанкелді Сафия, Батихан Айназ

Ойын: Стакандарды шармен жинау (ата аналармен)

Қасқыр: Қызыл телпек енді сенің әжеңді барып құттықтайық мен мейірімді қасқырмын.

Балалардың өнерін барып айтып берейік

Қызыл телпек: Жарайды жақсы балалар сау болыңыздар

1.Жүргізуші:

Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар- дей отырып балалардың аналарына арналған тақпақтарына кезек берейік

17. Көркем

Бақытымсың, жаным анам, жан анам
Мен өзінді періштеге балағам.
Ауырмашы, қартаймашы ешқашан
Мақсатыңа жетші әр кез қалаған

18.Омар

Еркелеймін, шаттанам,
Жарқын күлкің- бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйемін,
Келші, келші, ақ анам.

19.Әмір Сұлтан

Түнде шошып оянған,
Түн ұйқысын төр бөліп,
Түнде бесік таянған
Аялы қолды анажан.

20.Ерболат

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап,
Ана деген бәйтерегі өмірдің,
Ана деген алтын қазық алтын бақ.

21. Қ.Ибраһим

Әр сөзінді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам.
Айналайын ақ мамам

Ойын: Шансорғыш (Балдардың ойыны)

Жүргізуші:

Бәрі жақсы ананың
Бәрі оның керек-ау
Бірақ әрбір баланың
Өз мамасы бөлек –ау дей келіп балалар аналарына арнап тақпақтарын тарту етсін

22. Нурдаулет

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

23.Т.Ибраһим

Розочку красивую
Мамочке дарю
Знает моя мамочка
Я ее люблю

24.Ақдидар

На 8 марта
Я стихи дарю
Больше всех на свете
Я тебя люблю

25.Аманжан

Еркелесем күлімдейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Маңдайымнан иіскеп мені
Құлыншағым күнім дейтін

26.Батихан

Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

27.Зелимхан

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз

Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

2.Жүргізуші:

Ана деген өмірдегі ұлы есім,
Бақ тілесе анадай – ақ тілесін.
Ана деген ардақты ат, сен оны,
Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем әнін тарту етеді.

Ән: Айналайын ақ мамам

Көктем: -Жарайсындар балалар! Тақпақты да, әндіде жақсы айтасындар , би де әдемі биледіндер.

1.Жүргізуші:

- Құрметті Көктем ханшайымы, қызыл телпек, қасқыр біздің балалардың билері, әндері, тақпақтары сіздерге ұнап жатыр ма?

Көктем:

- Ия әрине ұнап жатыр! Балалар жақсы дайындалыпты. Мен аналарғада бір ойын ала келдім.

Көктем: Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласындар. Көріскенше сау болындар балалар.

(Музыка ойналып, Көктем залдан шығып кетеді.)

2.Жүргізуші:

- Ал біздің балалар аналарына, әжелеріне арнап сыйлықтар дайындады. Кәне балалар сыйлықтарыңды табыстандар.

(Балалар сыйлықтарын үлестіреді)

1.Жүргізуші: Осымен біздің «Құлагер» ортаңғы тобының «Ана өмір шуағы» атты ертеңгілігі аяқталды,

Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

2.Жүргізуші: Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!



